



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

# «МЕН СІЗДЕРДІ МАҚТАН ТҰТАМЫН»



### ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Елімізде лаңкестікке қарсы операция жалғасуда. Полиция, ұлттық ұлан және армиямыздың күшімен Конституцияға сәйкес заңдылық пен тәртіп орнату мақсатында ауқымды әрі күрделі жұмыс атқарылып жатыр.

Кеше Алматы, Ақтөбе қалалары мен Алматы облысындағы жағдай қалпына келтірілді. Енгізілген төтенше жағдай режимі өз нәтижесін берді. Бүкіл еліміз бойынша конституциялық заңдылық орнатылды.

Бірақ террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда. Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім.

Шетелде тараптарға келіссөз жүргізіп, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шақырған сөздер айтылуда. Не деген ақымақтық?! Қылмыскерлермен, қанішерлермен қандай келіссөз болуы мүмкін?

Біз қаруланған әрі дайындықтан өткен жергілікті және шетелдік содырлармен бетпе-бет келіп отырмыз. Нақты айтқанда, содырлармен және

лаңкестермен. Сондықтан оларды жою керек. Бұл жуық арада жүзеге асырылады. Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын.

Өздеріңізге мәлім, ҰҚШҰ-ның жарғылық құжаттарының негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан конституциялық тәртіпті ретке келтіруге көмек беру үшін Ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларынан біріккен бітімгерлік күштерін енгізуді сұрады. Бітімгерлік күштер еліміздегі стратегиялық нысандардың қорғалуын және қызметін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімге келді.

ҰҚШҰ-ға төрағалық етіп отырған Арменияның Премьер-министріне, сондай-ақ Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан президенттеріне шынайы алғыс айтамын. Ресей Президенті Владимир Путинге ерекше ризашылық білдіремін. Ол менің үндеуіме жедел, ең бастысы, жолдастық ниетпен үн қатты.

(Соңы 3-бетте)



## ҚУАНЫШТА ДА, ҚАЙҒЫДА ДА БІРГЕМІЗ!

Еліміздің бірқатар өңірінде болған қайғылы оқиғалардың салдарынан Ішкі істер, әскери саладағы азаматтарымыз бен бейбіт тұрғындардың қазасына байланысты 10 қаңтар – Жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды. Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ бұл шешімі – елді сабырлыққа, имандылыққа, ауызбірлікке шақыру шарасы.

Ықылым заманнан сан қиындық пен сынақты бастан кешірген халқымызды қаңтардағы қара құйын қатты күйзелтті. Төтеннен, бөтеннен келгендерге табалаушы елбұзарлар қосылды. Халықтың жиған-тергені шашылды, ырыс-несібе рәсуа болды, қалаларымызда ойран салынды, қан төгілді. Отан үшін әрбір жанның қазасы қасіретті. Кенеттен қайғы арқалаған отбасылар мен өулеттердің баршасына қайғырып, көңіл айтамыз.

Әлем назарына іліккен бүлікшілік әрекет Мемлекет басшысынан Конституцияға сай әділеттілікті, салқынқандылықты, жауапкершілікті талап етті. Тиісті батыл қадамдар жасалды және олар жалғасатын болады. Осындай шиеленісті шақта қиындыққа шыдап, төзген ерді, ер еңбегін сезген елді таныдық.

Иә, бізге қазір сабырлық қажет. Сабыр – сенімнің арқауы. Бірлік керек, ол – үміттің, жақсылықтың бастауы. Осындай қайғы-қасіретті терең сезіне отырып, қоғам жауапкершілігін, мейірімі мен ауызбіршілігін айрықша айтамыз. Өйткені, біздің еліміздің ең қымбат қазынасы – адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы. Біз қуанышта да, қайғыда да біргеміз. Жаратқан ие марқұмдарға – иман, тірілерге береке берсін!

Жамандықты амандық қана жеңеді. Ашық аспанымызды енді ешқашан қара бұлт торламасын!

Дархан МЫҢБАЙ,  
ҚР Парламент  
мәжілісінің депутаты















